

Ж.А. Жақыпов*, О.М. Аамандыков

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com, amandykovolzhask@gmail.com)

Сөйлемдегі ыңғайластық қатынасқа жаңаша көзқарас

Қазақ тілінің синтаксистік құрылысын функционалдық тұрғыдан зерттеу әлі де қалыптаса қойған жоқ. Осындай зерттеуді қажет ететін синтаксистік қатынас — ыңғайластық қатынас. Ыңғайластық қатынасты функционалдық грамматиканың «мағынадан құралға» бағытын негізге алып қарастырғанда жаңа нәтижелерге қол жеткізуге болады. Нәтижесінде ыңғайластық қатынастың синтаксистегі парадигмаларын төрт деңгейден көруге болады: жай сөйлем, құрмалас сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық, мәтін. Ыңғайластық қатынастың сөйлемдегі негізгі межесі бірыңғай мүшелер екені даусыз. Қазақ тіл біліміне бірыңғай мүшелер біршама зерттелсе де, назарға алынбай келе жатқан мәселелер бар екенін байқауға болады. Сондай тілдік бірліктің бірі — ыңғайлас мүшелер. Мақалада ыңғайлас мүшенің сөйлемнің бірыңғай мүшелерінен айырмашылығы көрсетіліп, оның жасалу жолдары айтылған. Ыңғайлас мүшелердің құрамына талдау жасалған. Құрмалас сөйлем құрылымында ыңғайластық қатынас айқын байқалады. Алайда синтаксис мамандары құрмалас синтаксисіне байланысты «ыңғайластық» терминін салалас пен сабақтас құрмаластардың мағыналық түріне орай ғана қолданады. Ыңғайластықты қатынасқа функционалдық тұрғыдан қарағанда, бұл ұғымның «ыңғайлас салалас», «ыңғайлас сабақтас» деген құрмалас сөйлемдермен шектелмейтіні байқалады. Талғаулықты және кезектес салаластар ыңғайлас қатынас шеңберінде жатады. Оларды байланыстыратын жалғаулықтардың бірыңғай мүше жасайтынын ескерсек, салаластың бұл түрлері ыңғайластық қатынаста болатынын дәлелдей түседі. Осылайша, мақалада сөйлемдегі ыңғайластық қатынас жаңаша сипатталған.

Кілт сөздер: бірыңғай мүшелер, ыңғайлас мүше, мәтін, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, ыңғайлас қатынас, функционалды грамматика.

Кіріспе

«Тіл білімі саласында «функционалдық» ұғымының мағынасы былай түсіндіріледі:

1. Тілдік бірліктерді қолдана отырып, олардың функциясын (қызметін) алынған нәтижеге қарай зерттеу;
2. Түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің өзара әрекеттесе отырып жұмсалудан осы формалардан туындайтын мағынаны айқындау, яғни «мағынадан құралдарға қарай» бағытта зерттеу;
3. Осы екі бағыттың бірлестігі тілдегі семантикалық категорияларды көрсететін түрлі тілдік бірліктерді бір тұтастыққа, «өріске» жинақтау» [1, 62].

Жоғарыда аталғандай функционалдық грамматиканың «мағынадан құралға» бағытын ұстанғанда ыңғайлық қатынасты қарастырғанда жаңа нәтижелер көрінетіндігі байқалады. Ыңғайластық қатынас морфологиялық, фразеологиялық т.б. құралдар арқылы берілмейді, бұл категориялық жағдаятты мағынаның берілетін синтаксистік деңгейінен ғана байқауға болады. Себебі функционалдық-семантикалық өрісте оның құралдары (фразеологизм, шақ) тек қана сөйлем ішінде анықталады. Сол үшін бұны таза синтаксистік өріс десе болады. Мысалы, ыңғайластық қатынас темпоралдық 3 шақпен де, сөйлеммен де беріледі. Ыңғайластық қатынастың құралы сөйлем болады. «Ыңғайластық қатынас» деген термин осы сияқты функционалдық өрістің атауы ретінде ұсынылады.

Ыңғайластық қатынастың синтаксистегі парадигмаларын төрт деңгейден көруге болады:

- 1) жай сөйлем;
- 2) құрмалас сөйлем;
- 3) күрделі синтаксистік тұтастық;
- 4) мәтін.

Ыңғайластық қатынасқа құрылған бірыңғай мүшелерде, сөйлем компоненттерінде, мәтінде жүйеленбеген парадигмалар бар. Бұл тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhan.zhak58@gmail.com

Әдістеме мен зерттеу әдістері

Зерттеу әдіс-тәсілдерін мақала нысанының грамматика-семантикалық ерекшеліктері айқындады. Синтаксистік ыңғайластықты талдау үшін «құрылымнан — мағынаға» қарай пайымдау аздық етеді, сондықтан функционалдық грамматиканың тәсілі «мағынадан — құрылымға» қарай талдау әдісін пайдаланған ұтымды болды. Осы әдісті қолданудың нәтижесінде ыңғайлас қатынастың жай және құрмалас сөйлемдегі құралдары анық көрінді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Жай сөйлемдегі ыңғайластық қатынас бірыңғай мүшелер мәселесімен байланысты. Бірыңғай мүшелер қазақ тіл білімінде біршама зерттелді, академиялық грамматикалардан да тиісті орын алды [2, 3, 4]. Бірақ назарға ілінбеген жайттар баршылық екенін байқауға болады. 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» ұжымдық еңбегінде бірыңғай мүшелерге мынадай анықтама беріледі: «Сөйлем мүшелері сөйлемде жеке-жеке қолданылумен бірге топ-тобымен де қолданыла алады. Осындай сөйлем бір сөз табынан да жасалады және бір ғана синтаксистік қызметтегі әр түрлі сөз таптарынан да олардың бәріне бірдей бір-ақ сұрау қойылады. Бұлардың тұлғалары да көбінесе бір формада болып келеді. Бұндай мүшелер сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп аталады» [4, 661]. Мысалы, **Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасы, сұлу қыздың көріп не ең мұндай тұрін.**

Бұл анықтамада сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің ыңғайластық қатынасы туралы тұспал бар. Алайда келтірілген мысалдарында тек бір сөз табынан жасалған бірыңғай сөздер туралы ғана сөз болған.

Ал мына сияқты сөйлемдер бірыңғай мүшелердің анықтамасының талаптарына сай келмейтінін көруге болады: Есі кірмеген бала мен әжетке жараған қыз, өңі бүтін әйелді ғана олжалап, **қалғанын қылышқа шалған қатыгез соғыс**, әрине, өзінің логикалық күрмеуіне, екі халықтың кіріптар күй, құлдық кепке түсуіне әкеліп соқты. Ал Қазақ Ордасы **орыс құлдығымен аяқталған өзінің қасіретті жолын** жалғастырды. Ем қонбайтын, алаяқтар мен нақұрыстардан тұратын қоғам ешқандай реформаға қарамастан бір-бірін алдап өмір сүре береді және мүшелері аталған «қасиеттерінен» арылмайынша, ол қоғам **ешқандай кісілік пен ізгілік туғыза алмайтын рухани бедеу күйінде** қалмақ. Бұл сөйлемдерде кездесетін «**қалғанын қылышқа шалған қатыгез соғыс**», «**орыс құлдығымен аяқталған өзінің қасіретті жолын**», «**ешқандай кісілік пен ізгілік туғыза алмайтын рухани бедеу күйінде**» тіркестерді бірыңғай мүше деп айта алмаймыз. Оған себеп — ондағы сөздердің түрлі сөз табынан жасалуы.

Осы тәріздес тіркестерді А.М. Әділбек «С. Сейфуллин прозасындағы бірыңғай мүшелердің стилистикасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясының «С. Сейфуллин прозасындағы бірыңғай сөйлем мүшелерінің стилистикасы» тарауында бірыңғай анықтауыштардың құрылымдық сипатын қарастыру барысында қарастырады. Ғалымның пікірінше, «бірыңғай анықтауыштар тікелей анықтайтын зат есімді нақтыласа, әрыңғай анықтауыштардың біреуі анықтайтын мүшемен байланыса отырып, күрделі сөз тіркесін құрайды». Оған мынадай мысал береді:

Бірақ, жалпы елде бір түрлі ауыр меңіреу қайғы бар.

Қасында ақ тымақты сары жігіт бар.

Осылайша, «әрыңғай анықтауыштар бір заттың әр түрлі сынын, сапасын көрсететін, интонациялық жікке бөлінбейтін күрделі сөз тіркестері болып табылады» деп қорытады [5, 84].

Ғалым қолданған «әрыңғай мүше» термині аталған категорияның мағынасын аша алмайды деп ойлаймыз. Себебі, мысалға берілген «*бір түрлі ауыр меңіреу қайғы*», «*ақ тымақты сары жігіт*» тіркестері әрыңғай қатынаста тұрған жоқ, керісінше өзара ыңғайлас қатынаста. Сол үшін «ыңғайлас мүше» деп атауды жөн санаймыз.

М.Х. Шаяхметова «Бірыңғай мүшелердің көркем әдебиетте қолданылуы» [6] атты оқу құралында бірыңғай мүше болмайтын, бірақ соған қатты ұқсайтын, соның дәл өзіндей көрінетін тіркестер де болатынын айтып, оған мынадай мысал келтіреді: *Сүйіндіктің аппақ үлкен кірпіш үйі жылы екен* (М. Ә.). Ғалым осы мысалдағы «аппақ, үлкен, кірпіш» сөз формаларын әрыңғай анықтауыштар деп атайды. «Осындай анықталатын заттың әрқилы сапасын білдіретін кейбір анықтауыштар бірыңғай бола алмайды, өйткені бұлар, алдымен, бірін-бірі анықтап тұрады. Мұндай әрыңғай анықтауыштардың біреуі ғана анықталған мүшемен тікелей тікелей байланысып, сонымен күрделі сөз тіркесін құрайды. Ал, бірыңғай анықтауыштарда, керісінше, олардың әрқайсысы анықталатын мүшемен тікелей байланысады да, бір компоненті де анықталатын сөздің құрамына енбейді. Бірыңғай анықтауы-

штар мен әрыңғай анықтауыштардың және бір ерекшелігі: әрыңғай анықтауыштар интонация арқылы жікке бөлінбей, бірмен-бірі ұласа айтылады, олардың арасына жалғаулық шылауларды қоюға болмайды. Ал, бірыңғай анықтауыштар айырым интонациясымен айтылып, өзара жалғаулықтар арқылы да, жалғаулықсыз да санамалап байланысады» деп тұжырымдайды.

Ғалымның «әрыңғай анықтауыштардың біреуі ғана анықталған мүшемен тікелей байланысып, сонымен күрделі сөз тіркесін құрайды» деген тұжырымымен келісу қиын. Себебі, ғалым айтып отырған «әрыңғай анықтауыштар» басыңқы сыңармен (анықталатын сөз) тізбектеле емес, жарыса байланысады. Мысалы, «Ол көп оқыған ақылды жігіт» деген тіркестің «көп оқыған» сыңары да, «ақылды» сыңары да «жігіт» сөзімен жарыса байланысып тұр. Осы ойымызды дәлелдеу үшін тағы да мынадай мысалдарды келтіре аламыз: *Оның ұзын салалы саусақтары бар. Оның қоңыр бұйра шашы сондай әдемі.*

Берілген мысалдардан «ұзын», «салалы» сөздері «саусақтары» сөзімен жарыса байланысып тұрғанын көруге болады, яғни «ұзын саусақтар», «салалы саусақтары». Сол сияқты келесі сөйлемнен «қоңыр шашы», «бұйра шашы» байланыстарын шығаруға болады.

Ыңғайластық қатынасты толық танып-түсініп, сипаттау үшін функционалдық грамматика аясында қарастыру қажет. Функционалдық синтаксистің талабына сүйенсек, «әрыңғай мүшелер» әр басқа ыңғайдағы қызметтерді атқаруға тиісті, яғни біріншісі сөйлемнің анықтауышы болса, екіншісі пысықтауышы я басқа мүшесі қызметінде жұмсалып тұруы керек. Ал біздің әрыңғай мүшелеріміз сөйлемнің бір мүшесінің қызметіне ортақтасып тұрады. Демек, құбылыстың табиғатына сай келетін атау тапқан жөн. Біздіңше, бұған пішіні бірыңғай емес, қызметі бір ыңғайда болатын «ыңғайлас» мүшелер деген атау үйлесіп тұр.

Жай сөйлемде сөйлемнің бірыңғай мүшелері ыңғайластық қатынастың ядросы болса, ал «ыңғайлас мүшелері» бұл қатынастың шеткергі (периферия) мағынасы болып табылады. Мысалы, *Бірнеше ғасырға созылған үздіксіз соғыстан* кейін республика, цезаризмге өтті, преториан гвардиясы императорларды күнде ауыстырып отырды.

Жойылып кеткен жақсы тұқымның орнын ештеңе де баса алмайды. Бұл жай сөйлемдерде белгіленген сөйлемнің «әрыңғай» мүшелері бір-бірімен ыңғайластық қатынаста байланысқан. Бұлардың бірыңғай мүшеден ең басты артықшылығы — аталған сөз бірліктерінің түрлі сөз таптарынан жасалуы. Сондай-ақ, осы тәрізді қатынасқа құрылған тіркестер өзара бірыңғай болуы да мүмкін. Мысалы, *Көлік саласындағы ең мықты «атбегілер» — Германия мен Жапонияда. Дәлел келтірмейтін күмәнсіз ақиқат, дау тудырмайтын талассыз шындық.* Бұл жерде «дәлел келтірмейтін күмәнсіз ақиқат» және «дау тудырмайтын талассыз шындық» тіркестері өз ішінде ыңғайластық қатынаста тұр, сонымен қатар тіркестер тұтас күйінде сөйлемнің бірыңғай мүшелері болып табылады.

Абай — XIX ғасырдағы ұлттың интеллектуалдық элитасының ең көрнекті өкілі, ол да қазақты, қазақ жұртын, қазақ санасын жайлаған бұл жұмбақ дерттің табиғатын түсіне алмай-ақ кетті. Бұл мысалда «қазақты, қазақ жұртын, қазақ санасын» бірыңғай мүшелері «жайлаған» есімше формалы етістікпен тіркесіп, «жұмбақ» сын есіммен ыңғайластық қатынаста байланысады. Бұл жай сөйлемдегі ыңғайластық қатынастың түрлі формада көрініс табатынын көруге болады.

Себебі әр адам — Құдайдың ерекше жаратындысы, маңдайына құдайдың ешкімге ұқсамайтын, бір соған ғана арналған мөрі соғылған бірегей жаратындысы. Бұл сөйлемдегі қатынас одан да күрделі. Мұнда «маңдайына құдайдың ешкімге ұқсамайтын» «бір соған ғана арналған мөрі соғылған» тіркесі «бірегей» сөзімен қосылып, «жаратындысы» зат есіммен ыңғайластық қатынаста байланысады. Бұл өз кезегінде «Құдайдың ерекше жаратындысы» тіркесінің айқындауыш мүшесі ретінде көрініс табады.

Жай сөйлемдегі ыңғайлас мүшелердің жасалу, түзілу жолдары әр түрлі. Бұлардың жиі қолданылатыны есімше мен сын есімнің қатарласқан түрлері көп кездеседі. Мұны ыңғайлас мүшелердің түзілуінің типі деп қарауға болады. Солардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

1. –ып/-іп/-п + ған/ген + жоқ. Мысалы: *Бұл соғыстың тарихы әлі жазылған жоқ. Аталған тақырыпқа арналған жекелеген романдар, зерттеулер бар, алайда бұл соғыстың салдарынан болған заттық, моральдық, ізгілік шығындарымызды әлі ешкім түбегейлі + зерделеп есептеген жоқ.*

2. –ған/ген, –қан/-кен + негізгі сын есім. Мысалы: *Біз ақылынан айырылған ақымақ тобырға айналдық.*

3. –ған/-ген, –қан/-кен + туынды сын есім (-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті). Мысалы: Мұның мән-мағынасын түсіндіру үшін тыныш зертхананың **жеңілдетілген жасанды жағдайында** шынайы қатынастарды толықтай құрып жоспарлы түрде зерттеулер жүргізуге анық жол көрсетіледі.

4. –ған/-ген, –қан/-кен + туынды сын есім (-сыз/-сіз). Мысалы: **Бірнеше ғасырға созылған үздіксіз соғыстан** кейін республика, цезаризмге өтті, преториан гвардиясы императорларды күнде ауыстырып отырды.

5. –атын/-етін/-йтін + күрделі сын есім. Мысалы: Қағанат құлағаннан кейін **ұрыс-соғыс бұрынғыдан аздау, тіпті бейбіт деуге болатын төрт ғасырлық заман** өтті.

6. –атын/-етін/-йтін + –ған/-ген, –қан/-кен. Мысалы: Бұл әйел — **кім көрінгенмен көңіл көтеретін жолда жатқан** жолбике.

7. –атын/-етін/-йтін + дара сын есім. Мысалы: Ал соғыста, майдан даласында, **күнде болып жататын әдепкі құбылыс**, тіпті десеңіз, соғыстың жалғыз ғана заңы — осы. **Алдынан келгенді тістейтін, артынан келгенді тебетін асау** ат.

8. –дай/-дей, –тай/-тей + –ған/-ген, –қан/-кен. Мысалы: **Жүнін жұлған тырнадай ұсқыны қашқан адам** екен.

9. –ып/-іп/-п формалы көсемше + үстеу сөз. Мысалы:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.

10. –дай/-дей/-тай/-тей + сын есім. Мысалы: Туған күнімді **жетім қыздың тойындай елеусіз** өткізгім келмейді (Қ. Қанафин).

11. Есімді тіркес + сын есім. Мысалы: **Жапырақ жүрек жас қайың. Жел өсек қаңқу әңгіме. Жел саңлақ жар аулы ат. Жел құйын дақпырт әңгіме.**

12. –ған/-ген, –қан/-кен + сілтеу есімдігі + сын есім. Мысалы: Абай — **XIX ғасырдағы ұлттың интеллектуалдық элитасының ең көрнекті өкілі, ол да қазақты, қазақ жұртын, қазақ санасын жайлаған бұл жұмбақ дерттің табиғатын түсіне алмай-ақ кетті.** Бұл сөйлемде дерт сөзін үш анықтауыш жарыса сипаттап тұрғанын көруге болады: *жайлаған дерт, бұл дерт, жұмбақ дерт.*

13. Сапалық сын есім + қатыстық сын есім. Мысалы: *Оның ұзын салалы саусақтары бар.*

14. Сын есім + сын есім. Мысалы: *Оның қоңыр бұйра шашы сондай әдемі.*

15. Болымды-болымсыздық мәнде... Мысалы: **Эпостың жасампаз дәстүрі арқасында заман әуеніне талмай үн қосып отыратын бұндай шығарма қазақ халқының ауызекі әдеби тілінің тамаша үлгісі ғана емес, сонымен бірге ол біздің кейінгі жазба әдеби тілімізге нәр берген арна** (Е. Жұбанов).

16. Әрі жалғаулығы арқышы. Мысалы: **Соның арасында олардың қала трактирлерінде әр саптыаяққа біздің еуропалық таңдайымыз шыдамайтын тұзды қосып шыдамдылықпен әрі рақаттанна сыра ішіп тұрғанын көруге болады.**

Жай сөйлемдегі ыңғайлас қатынастың осы берілу жолдары аталған тіл бірлігінің тілде жиі кездесетінін, түрлі сипатта болатынын көрсетеді.

Жай сөйлемдегі ыңғайлас қатынастың берілуінің тағы бір жолы — айқындауыш мүшелер. Айқындауыш мүше өзі айқындайтын мүшемен ыңғайлас қатынаста тұрады. Мысалы: **Жандос мұғалымды бір көрген адам таң қалуы мүмкін** (Ж. Ж.). Бұл сөйлемдегі **Жандос** айқындалушы мен **мұғалымды** қосалқы айқындауышы сөйлемде бір ғана толықтауыштың қызметін атқарып тұр, айқындауыштың рөлі алдыңғы атауды нақтылай атауынан көрінеді. Бұл мүшені күрделі мүшеге де жатқызуға болатындай, алайда айқындалушы мен айқындауыш арасында қандай да бір қатынас барын жоққа шығара алмаймыз. Екеуі бір-бірімен ыңғайластықта тұрғанын байқау қиын емес. Оңашалған айқындауышты ыңғайластық тіпті айқын көрінеді. Мысалы: **Мектепте сабақ беру кезінде бізге, университетті енді ғана бітірген жас мамандарға, әдістемелік қолдау керек.** Көрініп тұрғандай, бұл сөйлемде **бізге** деген айқындалушы мен... **мамандарға** деген оңашаланған айқындауыш сөйлемде бірдей тұлғада жасалып, бірдей жанама толықтауыш қызметін атқарып тұр. Екеуі де **қолдау керек** деген баяндауыш мүшеге жарыса байланысып тұр: **бізге қолдау керек, ... мамандарға қолдау керек.** Демек, айқындауыш пен айқындалушы мүшелерді бірыңғай мүшелерге жатқыза алмайтын болсақ та, бұлардың арасында мағыналық қатынастың барын жоққа шығара алмаймыз. Олай болса, бірыңғай мүшелер сияқты пішіндес болып келетінін, бір ғана мүшенің қызметін атқаратындығын ескере отырып, айқындауыш мүшені ыңғайластық қатынас парадигмасына қосу керек болады.

Ыңғайластық қатынасты құрмалас сөйлем деңгейінде қарастырғанда құрмаластың мезгілдес-ыңғайлас түрлері сөйлемдегі ыңғайластық қатынасын ядросы болып табылады. Қазақ тіл білімінде ыңғайлас салалас пен мезгілдес салаласты бөлу кезінде түрлі пікірлер бар. Солардың бірі Қ. Шәукенұлы «Ыңғайлас салалас болу үшін басым бағыт — етістік баяндауыштар білдіретін істің, амалдың жалғастығы емес, біртектестігі» [7], — дейді де, оған мынадай мысал келтіреді: *Үріккен қойдай шоғырын жазбай шапқан солдат бөлек кетті де, қара көк аттың үстіндегі Абылаев пен қасқа айғырлы Бақы бір бөлек кетті*. Ғалымның пайымдауынша, «бұл сөйлемдерде мезгілділік емес, ыңғайластық айқын. Ыңғайлас салалас сөйлемнің жасалуында оның компоненттері баяндауыштарының шағы, жағы жағынан біртектес лексико-семантикалық байланыстығы жоқтығы» деп қорытындылайды. Ғалым мезгілдес деп беріліп жүрген сөйлемдерді ыңғайлас салалас деп атайды. Мезгілдес салалас ішінде ыңғайлас қатынасқа жататын екі құрал бар. Біреуі баяндауышы есім сөзден жасалып, бірыңғайлықты білдіретін сөздер, екіншісі мезгілділікті білдіретін сөздер.

Ал ғалым М. Серғалиев, Т. Ермаковалар ыңғайлас құрмалас сөйлемдерді мезгілділіктерден бөлек қарайды [8], [9]. Бұл жіктеу зерттеудің функционалдық бағытта болғанын аңғартады. Алайда функционалдық грамматика тұрғысынан ыңғайлас қатынастың құрмалас сөйлем деңгейіндегі мағынасы ретінде талғаулықты, кезектес түрлерін де қарастыруды қажет етеді. Мына тәрізді сөйлемдер ыңғайластық қатынастың шеткергі мүшелері бола алады: *Не сен келесің, не мен кетемін. Далада біресе жаңбыр жауады, біресе қар жауады (М. Қ.)*. Бұлар қазіргі грамматикамызда кезектес, талғаулықты салалас құрмаластар болып қарастырылады. Мұндағы сөйлемнің грамматикалық мағынасына қарасақ, бірінші сөйлемде екі әрекеттің бірі ғана орындалатын, екінші сөйлемде іс-әрекеттің кезектес орындалатын байқауға болады. Бұл ретте осы сөйлемдердің құрастырушы сыңарларының арасындағы қатынас қандай болатынына назар аударған жөн. Сөйлемдер арасында ыңғайлас қатынас бар. Оған форма да ықпал етеді, сыңарларының жасалу жолдары бірдей болады, құрылымдық жағынан теңдес болмаса да шамалас (изоқұрылымды) болып келеді. Демек, бұл талғаулы және кезектес салаластардан да ыңғайластықтың өлшемдерін, межелерін көре аламыз.

Кезектес салалас пен талғаулықты салаласты жасайтын негізгі тәсіл — жалғаулықтардың өзі бірыңғай мүшелерді де байланыстыратын құралдар. Демек әр деңгейден деңгейге ауыстыру тұрғысынан қарастырсақ, бұлардың ыңғайластық шеңберінде екенін тағы да айқындай түсеміз. Осылайша, салалас құрмаластың бұл түрлері ыңғайластық қатынас шеңберінде қарастырылып, олар қатынастың шеткергі мүшелеріне жатады.

Қорытынды

Сөйлемдегі ыңғайластық қатынастың ядросы — бірыңғай мүшелер. Ыңғайлас қатынастың шеткергі мүшелеріне ыңғайлас мүшелерді жатқызуға болады. Бұл мүшелер өзіндік жасалу жолдары бар. Оның негізі жасалу жолы — әртүрлі морфологиялық форманттар арқылы жасалуы. Олардың бірыңғай мүшелерден айырмашылығы да сол морфологиялық тұрпатының әртүрлі болуында жатыр. Сондай-ақ, бірыңғай мүшелер сияқты жазуда үтірмен бөлінбейді, айту кезінде интонацияда кідіріс жоқ, бір синтагмалық екпінмен айтылады. Мақалада ыңғайлас мүшелердің жасалу жолдары көрсетіліп, талданды.

Құрмалас сөйлем деңгейінде мезгілдес-ыңғайлас құрмаластар ыңғайластық қатынастың негізі болса, оның шеткергі мүшелеріне талғаулықты және кезектес салаластарды жатқызуға болады. Оларды байланыстыратын негізгі формалардың бірыңғай мүшелерді де байланыстыратын құралдар екендігі олардың ыңғайластық қатынас шеңберінде екенін дәлелдей түседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қапалбеков Б. Жұмсалымдық мағыналық өріс — ұғымдық категориялардың ұлт тіліндегі көрінісі / Б. Қапалбеков // *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы*. — 2004. — № 5. — Б. 52–62.
- 2 Қазіргі қазақ тілі / Ред. М. Балақаев. — Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1954.
- 3 Қазақ тілі грамматикасы. II. Синтаксис / Ред. Н. Ысқақова. — Алматы: Ғылым, 1967.
- 4 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / Жауапты ред. Е. Жанпейісов. — Астана, «Астана полиграфия», 2002. — 784 б.
- 5 Әділбек А.М. С. Сейфуллин прозасындағы бірыңғай мүшелердің стилистикасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы 10.02.02 — қазақ тілі / А.М. Әділбек — Астана, 2010. — 115 б.

- 6 Шаяхметова М.Х. Қазақ көркем әдебиет тіліндегі бірыңғай мүшелердің стилистикалық-синтаксистік қызметі: филол. ғыл. канд. ... дисс. / М.Х. Шаяхметова. — Алматы, 1981. — 102 б.
- 7 Шәукенұлы Қ. Синтаксис / Қ. Шәукенұлы. — Алматы: Арыс, 2004. — 248 б.
- 8 Серғалиев М. Синтаксистік зерттеулер / М. Серғалиев. — Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. — 560 б.
- 9 Еркемова Т.Н. Құрмалас сөйлемдер жүйесі: моногр. / Т.Н. Еркемова. — Алматы, 2008. — 330 б.

Ж.А. Жакупов, О.М. Амандыков

Новый подход к соединительным отношениям в предложении

Функциональное изучение синтаксиса казахского языка еще не сформировалось. Синтаксическое отношение, требующее такого исследования, — это соединительные отношения. Новые результаты могут быть достигнуты при рассмотрении соединительных отношений на основе направления функциональной грамматики «от значения — к форме». Парадигмы соединительных отношений в синтаксисе встречаются на следующих уровнях: простое предложение, сложное предложение, сложная синтаксическая целостность, текст. Без сомнения, основным показателем соединительного отношения являются однородные члены предложения. Хотя в казахском языкознании неплохо изучены однородные члены предложения, можно заметить, что существуют вопросы, которые не принимаются во внимание. Одна из таких языковых единиц — это соединительные члены. В статье подчеркнута отличие соединительных членов предложения от однородных. Проведен анализ состава соединительных членов. В функциональном отношении однородность не ограничивается лишь однородными сложносочиненными и сложноподчиненными предложениями. Сложносочиненные предложения с разделительными союзами со значениями очередности и альтернативы можно рассмотреть и в рамках соединительных отношений. Формы, которые объединяют эти предложения, связывают и однородные члены предложения. Таким образом, в настоящей статье дана новая трактовка соединительных отношений в предложении.

Ключевые слова: однородный член предложения, текст, простое предложение, сложное предложение, функциональная грамматика.

Zh.A. Zhakupov, O.M. Amandykov

A new approach to connective relations in a sentence

The functional study of the syntax of the Kazakh language has not yet been formed. The syntactic relation that requires such research is connective relations. New results can be achieved when considering connective relations based on the direction of functional grammar “from meaning to form”. As a result, the paradigms of connective relations in syntax can be seen at four levels: simple sentence, complex sentence, complex syntactic integrity, text. Without a doubt, the main indicator of the connective relation is the homogeneous members of the sentence. Although homogeneous sentence terms are not poorly studied in Kazakh linguistics, it can be noted that there are issues that are not taken into account. One of these linguistic units is connecting members. The article emphasizes the difference between the connecting term and the homogeneous terms of the sentence. The composition of the connecting members is analyzed. Functionally, uniformity is not limited to homogeneous compound and compound sentences. Compound sentences with separative conjunctions with precedence values and alternatives can also be considered within the framework of connective relations. The forms that connect these sentences also connect homogeneous members of the sentence. Thus, the article describes connective relations in a sentence in a new way.

Keywords: homogeneous sentence term, homogeneous term, text, simple sentence, complex sentence, functional grammar.

References

- 1 Qapalbekov, B. (2004). Zhumsalyndyq magynalyq oris — ugymdyq kategorialardyng ult tilindegi korinisi [The semantic field of use — the representation of conceptual categories in the national language]. *Al-Farabi atyndagy Qazaq ul'tyq universitetinin khabarshysy – Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University*, 5, 52–62 [in Kazakh].
- 2 Balakayev, M. (Ed.). (1954). Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Алматы: Qazaq SSR Gylym akademiasy [in Kazakh].

- 3 Ysqaqova, N. (Ed.). (1967). Qazaq tili gramatikasy. II. Sintaksis [Grammar of the Kazakh language. II. Syntax]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 4 Zhanpeiisov, E. (Ed.) (2002). Qazaq gramatikasy. Fonetika, sózhasam, morfologia, sintaksis [Kazakh grammar. Phonetics, Word formation, Morphology, Syntax]. Astana [in Kazakh].
- 5 Adilbek, A.M. (2010). S. Seifullin prozasyndagy biringgai mushelerding stilistikasy [Stylistics of single members in the prose of S. Seifullin]. *Candidate's thesis*. Astana [in Kazakh].
- 6 Shaiahmetova, M.Kh. (1981). Qazaq korkem adebiet tilindegi biringgai mushelerding stilistikalyq-sintaksistik qyzmeti [Stylistic and syntactic function of single members in the Kazakh language of fiction]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Shaikenuly, Q. (2004). Sintaksis [Syntax]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 8 Sergaliev, M. (2010). Sintaksistik zertteuler [Syntactic research]. Pavlodar: S. Toraigyrov atyndaǵy Pavlodar memlekettik universiteti [in Kazakh].
- 9 Ermekova, T.N. (2008). Qurmalas soilemder zhuzhesi [The system of complex sentences]. Almaty [in Kazakh].

Buketov University